**СИЛЛАБУС**
**2024-2025 оқу жылының күгі семестрі**
**«8D0203--Дінтану» білім беру бағдарламасы**

| Пәннің ID және атауы | Білім алушының өзіндік жұмысын (ДӨЖ) | Кредиттер саны | | | Кредит-тердің жалпы саны | Оқытушының жетекшілігіме н білім алушының өзіндік жұмысы (ОДӨЖ) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәрістер (Д) | Семинар сабақтар (СС) | Зерт. сабақтар (ЗС) | | |
| ADSRF 7302 Қазіргі замандық діни философиядағы антропологиялық дискурс | 5 | 15 | 30 | 0 | 5 | 5 |

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

| Оқыту түрі | Циклы, компоненті | Дәріс түрлері | Семинар сабақтарының түрлері | Қорытынды бақылаудың түрі мен платфомасы |
|---|---|---|---|---|
| Оффлайн | П. ТК | Баяндау, салыстырмалы талдау, әңгімелесу- дәріс, пікірталас | Тақырып бойынша тапсырмалар, пікірталас, талқылау | Жазбаша емтихан |
| Дәріскер | Борбасова Карлыгаш Молдагалиевна | | | |
| e-mail: | karlygash_bm@mail.ru | | | |
| Телефоны: | +7 701 168 02 92 | | | |

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

| Пәннің мақсаты | Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)* | ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ) |
|---|---|---|
| жоғары кәсіби білімнің талаптарына сәйкес докторанттарда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мен бекіту үшін қажет қазіргі заманғы діни философиядағы антропологиялық дискурс мәселелерін талдау | 1. Пән бойынша негізгі ғылыми категориялық аппаратты меңгерудегі білімдерін көрсету | 1.1 антропология мен діни философияның проблемалық бағыттарын анықтайды, дінтанулық сараптама жасайды; |
| | | 1.2 пәннің негізгі ұғымдары мен категорияларымен жұмыс істей алады. |
| | 2. Адам мен әлем қатынасын діни тұрғыда түсіндіретін заманау философтар мен теологтардың еңбектерін салыстырмала талдайды | 2.1 дінтанудың негізгі зерттеу әдістері және әдіснамасын пән тақырыптарын талдауда және дінтанулық қызмет саласында қолданады; |
| | | 2.2 қазіргі антропологиялық мәселелерді діни тұрғыда шешудің ерекшеліктерін түсіндіреді және дүниетанымдық тұрғыдан талдап дінтанулық сараптама жасайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | 3. Адамға байланысты мәселелерді: оның өмірінің мәні, өлімі, мәңгілігін философия мен теология сұқбатында шеше білу | 3.1 антропологиялык мәселелердізерттеуші ғалымдардың еңбектерімен жұмыс істеуді ұйымдастыруда әлеуметтанушылық жалпы психологиялық және ғылыми дағдыларды пайдаланады; |
| | | 3.2 қазіргі діни философиялық ілімдердегі антропологиялық идеялардың, проблемалардың типологиясы мен классификациясын жасай алады; |
| | | 3.3 қазіргі әлемдік, ұлттық діндер және жаңа діни ағымдар аясындағы адам және оның жаратушыға, касиеттілікке қатынасын зерттейді |
| | 4. Қазіргі діни-философиялық идеялардың адамға және қоғамға әсерін анықтау және қазіргі діни санадағы өзгерістердің себептерін түсіндіру | 4.1 қазіргі діни философия шеңберінде адам табиғаты мен тіршілігінің мәні туралы түсінік пен ұғымдарды сараптайды |
| | | 4.2 курс барысында меңгерген териялық білімін гуманитарлық пәндерді оқытуда колданады |
| | | 4.3 дінтану саласындағы алдыңғы катарлы териялық және практикалық білімді колдану арқылы инновациялық шешімдерді сыни зерттеуден өткізеді. |
| **Пререквизиттер** | SRF 5302 Қазіргі замаңғы діни философия,<br>RNIS 5303 Дін және ғылым: тарих және қазіргі кезең | |
| **Постреквизиттер** | | |
| **Оқу ресурстары** | **Негізгі әдебиеттер**<br>Дінтану. Оку құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [кұраст. Н. Ж. Байтенова].- Алматы: Қазақ ун-ті, 2019.- 355<br>Барнард, Алан. Антропология тарихы мен теориясы [Мәтін] = History and Theory in Anthropology : [окулық] / А. Барнард ; ауд. Ж. Жұмашова. - Астана : "Ұлттык аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 240 б.<br>Фролова Е.А. Дискурс арабской философии. — Москава: Языки славянских культур, 2018. https://iphras.ru/uplfile/smirnov/mysl/issled/4/froldis1.pdf Рысбекова Ш.С. Антропологический дискурс в современной религиозной философии. - Алматы, 2009. – 261 с. | |

| | |
|---|---|
| | Армстронг, Карен. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс [Мәтін] = A History of God The 4000-year Quest of Judaism, Christianity and Islam : Құдайтану баяны : [монография] / К. Армстронг ; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.]. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018.<br>**Қосымша әдебиеттер**<br>7. Үнді философиясы тарихы. 2020. - Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 670 б.<br>8. Карл Ранер. Основание веры. Введение в христианское богословие. М. 2006<br>9. Никонов К.И. Религиозная антропология: христианское учение о человеке в историческом и современном контексте // Введение в общее религиоведение / Под ред. И.Н. Яблокова. – М.: Книжный дом «Университет», 2001<br>10. Костылев П.Н. О систематике религиозной антропологии // Антропологические конфигурации современной философии<br>**Интернет-ресурстар**<br>1. https://jirbis.kaznu.kz/jirbis2/<br>2. https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1119943<br>3. http://religiocivilis.ru/hristianstvo/christ-a/1735-antropologija-religioznaja<br>4. https://antropogenez.ru/term/99/<br>5. http://e.lib.vlsu.ru/bitstream/123456789/670 |
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.<br>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.<br><br>**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.<br>**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.<br>**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.<br>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail karlygash_bm@mail.ru, +7 701 168 02 92 кеңестік көмек ала алады.<br>**МООС интеграциясы (massive openlline course).** **МООС**-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар **МООС**-қа тіркелуі қажет. **МООС** модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. **Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **МООС**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. |

## БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**Оқу жетістіктерін есептеудің балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі**

| Баға | Баллдардың сандық баламасы | % мәндегі баллдар | Дәстүрлі жүйедегі баға |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | Қанағаттанарлық |
| D | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0 - 24 | |

**Бағалау әдістері**

**Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

**Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.

**Жиынтық бағалау** – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4

рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі

бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.

| **Формативті және жиынтық бағалау** | **% мәндегі баллдар** |
|---|---|
| Дәрістердегі белсенділік | 5 |
| Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі | 20 |
| Өзіндік жұмысы | 25 |
| Жобалық және шығармашылық қызметі | 10 |
| Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 100 |

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

| Аптасы | Тақырып атауы | Сағат саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| | **МОДУЛЬ 1 Қазіргі діни философиядағы антропологиялық мәселелер** | | |
| 1 | **Д 1.** Антропологиялық білімнің дамуының негізгі кезеңдері | 1 | |
| | **СС 1.** XIX –XX ғасырдағы діни философиядағы антропологиялық мәселелер | 2 | 7 |
| 2 | **Д 2.** XX ғасырдағы діни антропологиядағы еврейлік дәстүр | 1 | |
| | **СЗ 2.** М.Бубердің діни антропологиясы және Э.Левинастың этикалық феноменологиясы | 2 | 7 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | **Д 3.** Қазіргі католиктік антропология : адам табиғаты және оның өмірлік мақсаты туралы | 1 | |
| | **СС 3.** Э. Мунье персонализмі және Г. Марселдің экзистенциализмі | 2 | 7 |
| | **ОБӨЖ 1. БӨЖ 1** орындау бойынша кеңестер | | |
| 4 | **Д 4.** Қазіргі протестанттық антропологияның бағыттары мен өкілдері | 1 | |
| | **СС 4.** К. Барт, Д. Бонхёффер және П. Тиллих теологиясындағы антропологиялық мәселелер | 2 | 7 |
| | **БӨЖ 1.** «В.Панненбергтің философиялық және теологиялық антропологиясы» тақырыбында баяндама түрінде талдау жасаңыз. Ғалымның еңбектерінің проблемалық бағыттарын анықтап, көрсету. | | 25 |
| | **МОДУЛЬ 2 Экзстенциалистік дискурстағы адам** | | |
| 5 | **Д 5.** Өлім мәселесінің әлеуметтік феномен ретіндегі түсінікке айналуы | 1 | |
| | **СС 5.** Дін мен философиядағы өлім түсініктері | 2 | 7 |
| 6 | **Д 6.** Жанның мәңгілігін негіздеу туралы діни-философиялық мәселелер | 1 | |
| | **СС 6.** Мәңгілік және шексіздік ұғымдарының шығыстық және бастыстық түсініктері | 2 | 7 |
| | **ОБӨЖ 2. БӨЖ 2** орындау бойынша кеңестер | | |
| 7 | **Д 7.** Қазіргі кезеңдегі үнді діни философия өкілдерінің еңбектеріндегі азап пен зұлымдық ұғымдары | 1 | |
| | **СС 7.** Қазіргі үнді діни философиясындағы азап, зұлымдық мәселелерінің діни түсіндірмелері | 2 | 7 |
| | **БӨЖ 2.** Дінтанулық салыстырмалы талдау жасаңыз: Әлемнің діни дәстүрлеріндегі «жан» ұғымы<br>- «жан» ұғымы және оның тілдік бейнесі<br>- шығыстық діни сенім бойынша «жан» ұғымы;<br>- әлемнің батыстық діни суретіндегі «жан» ұғымы. | | 26 |
| **Аралық бақылау 1** | | | **100** |
| 8 | **Д 8.** Экзистенциалистік бағыттағы «жаңа діни сана» өкілдері | 1 | |
| | **СС 8.** Діннің қоғам идеясын қалыптастырудағы рөлі | 2 | 6 |
| | **ОБӨЖ 3. БӨЖ 3** орындау бойынша кеңестер | | |
| 9 | **Д 9.** Дін мен ғылым: ортақ ойлар және қарама-қайшылықтар | 1 | |
| | **СС 9.** Дін мен ғылым ерекшеліктері | 2 | 6 |
| | **БӨЖ 3.** Реферат. «Христиан және мұсылман рухани дәстүрлеріндегі адам туралы мәселелер». Адам өмірінің мәні, өлімі, мәңгілігін екі дін сұхбатында салыстыру. | | 17 |
| | **МОДУЛЬ 3 Қазіргі араб-мұсылман философиясы** | | |
| 10 | **Д 10.** Қазіргі араб мұсылман философиясының негізгі бағыттары | 1 | |
| | **СС 10.** Қазіргі араб мұсылман философиясы мен теологиясындағы адам туралы ілімдер | 2 | 6 |
| | **ОБӨЖ 4. БӨЖ 4** орындау бойынша кеңестер | | |
| 11 | **Д 11.** Заманауи араб ойшылдарының мистикалық ілімдері | 1 | |
| | **СС 11.** Анри Корбин ирандық сопылықтағы адам туралы | 2 | 6 |
| 12 | **Д 12.** Қазіргі исламдық фундаментализм | 1 | |
| | **СС 12.** Мұхаммед Абид ал-Жабири исламның болашағы туралы | 2 | 6 |
| | **БӨЖ 4.** «Қазіргі исламдық антропологиядағы кемелденген адамның қалыптасуы» тақырыбында эссе дайындап, қорғаңыз | | 17 |
| 13 | **Д 13.** Сейд Хатами өркениет сұхбаты туралы ойлары | 1 | |
| | **СЗ 13.** Х. Ландольт, В. Читтик және С.Х. Наср іліміндегі метафизика және космология | 2 | 6 |
| | **ОБӨЖ 5. БӨЖ 5** орындау бойынша кеңестер | | |
| 14 | **Д 14.** Компаративистикалық талдау: М.Х. Табатабаи, М. Мутаххери және Т.М. Язди | 1 | |
| | **СС 14.** Абд аль-Рахман Бадавидің экзистенциалды антропологиясы | 2 | 6 |
| | **БӨЖ 5.** Қазақстандағы исламдық философия саласына қатысты зерттеу жүргізудің бір жобасын жасаңыз. ( Жазбаша) | | 18 |
| **15** | **Д 15.** Қазіргі қоғамдағы исламдық білім беру модельдері | 1 | |
| | **СС 15.** Қазақстандағы дәстүрлі емес ағымдар іліміндегі діни сенім мәселесі | 2 | 6 |
| | **Аралық бақылау 2** | | 100 |
| **Қорытынды бақылау (емтихан)** | | | 100 |
| **Пән үшін жиынтығы** | | | 100 |

Декан ______________________________ Б.Б. Мейрбаев

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы ______________________________ А.Б. Альчимбаева

Кафедра меңгерушісі ______________________________ А.Д. Құрманалиева

Дәріскер ______________________________ Қ.М. Борбасова